

Мұфтоллаев Дулат

Қазақстанды патшалық Ресейдің отарлауы



- *Қазақстанды Ресейдің отарлауы– 1731 жылы Кіші Жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге қосылуынан басталды. Бұл процесс 130 жылдан аса уақытқа созылып, 19 ғасырдың 60 жылдарының ортасына қарай толық жүзеге асырылды*

Қазақ даласында патша өкіметінің отарлау саясатының үш бағыты

- Гарнизондар мен күшейтілген бекіністі әскери шептер құрылыстың тездетіп салу және тұрақты казак-орыс (Орынбор, Жайық, Батыс-Сібір, кейін Жетісу) мекендерін құру
- Саяси әкімшілік реформалар жасау, сыртқы округтер мен приказдарды одан әрі құру, басқарудың дистанциялық жұмыс түрін енгізу
- Қазақ даласын өзіне біржолата қосу, ал Орта Азия хандықтармен сауда-саттықты кеңейту



- **Қазақтардың сыртқы саяси жағдайларының күрделілігі орын алған жағдайдан шығу жолдарын іздеуді талап етті. 1726 жылы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, старшиндар Сүгір, Едікбай, Қажыбай, Құлымбай және басқалары Ресейге, оның қол астына өту туралы өтініш білдіру арқылы Қойбағарды жіберген еді. Алайда ханның өтініші ол жылы жауапсыз қалдырылды, сонда да Әбілқайыр хан өзінің бодандығынан және пиғылынан қайтпай, 1730 жылы қыркүйекте Уфа арқылы елші жібереді.**



- **1731 жылы 19 ақпанда императрица Анна Иоанновна Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға (ресми құжатқа) қол қойды. Әбілхайыр ханнан ант қабылдау үшін Ресейден сыртқы істер коллегиясының тілмәші, дипломат А.И.Тевкелев бастаған елшілік жіберілді. Әбілқайыр 1731 жылы 10 қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді**

- **1732 жылы 24 қарашада Тевкелев өз міндетін аяқтап, Найзакескеннен кері жолға шықты. 1733 жылы 2 қаңтарда Әбілхайырдың Петербургке жіберген елшісімен Уфаға келді. Оның құрамында Әбілхайырдың ұлы сұлтан Ералы, ханның немере інісі сұлтан Нияз, старшиналар Шандыбай, Мырза Құдай-Назар, Мырзагелді батыр және т.б. болды. Петербургтегі келіссөздің нәтижесінде Кіші Жүздің Ресей бодандығына кіруі ресми ресімделді.**

- **1731 жылдың аяғында Әбілқайыр және Бөкенбай батыр өздерінің елшілерін Орта Жүзге жіберіп, Семеке ханға, егер Ресей бодандығын қабылдаса орыс әскерлерінің көмегімен өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндігі жөнінде уәде берді. Семеке Әбілхайырдың ұсынысын қабылдады. 1732 жылы Орта жүздің кейбір бөліктері Ресей құрамына формальды түрде кірді. Анна Иоанновнаның 1734 жылғы 10 маусымдағы грамотасымен Семекенің және оның сыбайластарының өтініші қанағаттандырылды**



- **1756 жылы қазақтарға қысқы мезгілде малдарын Уралдың оң жағына айдауға тыйым салу жөнінде патшаның Жарлығы шықты. Үкіметтің шешімі, Жайық казактарының мүддесі үшін қабылданып, үкіметке қарсы көзқарасты күшейтті**

• Орта жүзде хан билігін таратқаннан кейін патша үкіметі «Сібір қырғыздары туралы Жарғыға» сүйене отырып, М.М. Сперанский пысықтаған жаңа басқару жүйесіне келді. «Жарғы» бойынша Орта және Кіші жүздің бір бөлігі көшіп-қонған қазақ даласының аумағы Сібір қырғыздарының облысы деген атақ алды және 1839 жылға дейін Тобылда, ал 1839 жылдан бастап Омскіде басқару орталығымен бірге Батыс-Сібір генерал-губернаторы жаңадан құрған құрамға кірді



- *Патша өкіметі қазақ даласын түпкілікті билеу үшін әуелі әр түрлі реформалар жүргізіп, қазақтың елдік-этникалық ұйымтқысын ірітіп, ұлыстарды бөлшектеп, оларды губернияларға, округтерге теліп, ұлтанды елді тұтастықтан айырды.*

- **1867-1868 жылдардағы реформалар негізінен патша өкіметі өндіріс иелеріне, саудагерлерге жерді жалға беру туралы заң шығарды. Бұл заң боцынша 30 жылға дейін жер жазбаша келісім-шарт бойынша берілетін болды. Әрине, мұндай заң шетелдік келімсектерге де, орыс шенеуніктеріне де өте тиімді еді.**
- **Жердің көп бөлігі Сібір қазақ-әскерлеріне тиісті делініп, оның 500 мың десятинасына орыс шенеуніктері қазақтардың өздеріне жалға беріп, жалдау ақысын жылдан –жылға көтеріп отырды.**

• XVIII ғасырдың 30 жылдарының басында Қазақстанды қосу тек қана XIX ғасырдың ортасында аяқталды және күрделі қарама-қайшы процесс болып табылды. Қазақ жүздерін қосу әртүрлі саясаттан тыс және ішкі жағдайларға байланысты жүргізілді. Кіші жүздің маңызды бөлігі, Орта жүздің кейбір аудандары ресейлік бодандықты ерікті түрде қабылдады. Орта Азия империясының стратегиялық, бұрыннан келе жатқан мақсаттарын басшылыққа алып, Қазақстан тұрғындарының басым бөлігінің мүддесін ескермей, өңірлердің бірігуін жеделдетуге тырысқан патшаның әскери күшімен Орта жүздің басым бөлігі және Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандары қосылды. Оңтүстік Қазақстанды, содан соң Орта Азияны Ресейге қосу патшаға Британ империясымен бақталастықта жоғары тұруға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- <http://e-history.kz/kz/contents/view/144>
- <http://www.zox.kz/>
- [http://testent.ru/index/kazakhstananda otarshyldyk kezenini bastaluy/o-615](http://testent.ru/index/kazakhstananda_otarshyldyk_kezenini_bastaluy/o-615)
- <http://ikaz.kz/>
- <http://www.studfiles.ru/preview/3535409/>